

## ӘБУБӘКІР АҚСАҚАЛ ДИБАЕВ

Елге еңбегін сінірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда; қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында; тілегінің елмен ортақ болуында; ер өмірінің өрі мен көрі ел өмірінің өрі-көрімен бір болуында.

Әбубәкір ақсақал – қазақ-қырғыз елімен қаны дәл бір болмаса да, жанын бір қылып, шамасы келгенше еңбек қылған адам. Қырық жыл бойына арымай, жапанды жатқан қазақ-қырғыз елін шет жұртқа танытқан адам; қырық жыл қазақ-қырғыз елімен қуаныш-қайғысын ортақ қылған адам.

Әбубәкір ақсақал қазақ-қырғыз елімен қаны дәл бір болмағанымен, түбі бір түрік баласы, қазақ-қырғыз бір баяуры – башқұрт тұқымынан. Ата мекені – Үпі губернасы. Істерлі тамақ уезі. Тоқай ауылы. Өзі Орынбор қаласында 1855 жылы туған. Жасынан орысша оқып, Орынбордағы кадетский корпусты бітіріп шыққан соң, жиырма жасында әскерлік қызметімен Түркістанға келген. Бірер жылдан соң әскерлік қызметінен босанып, Сырдария облысы губернаторының кеңесіне тілмаш болып кірген. Ол күнде Сырдарияның губернаторы Гродеков деген адам екен. Бұл – қазақ-қырғыз елін орыс үкіметіне әбден бағындырып, ноқталап алу үшін қазақ-қырғыз елінің жайын, күйін бұзық оймен тексеріп жазып жүрген орыстың шенқұмар бір төресі. Өмірде себепсіз іс болмайды. Әбубәкірдің қазақ-қырғыз елінің жайын тексеруге кірісіп кетуіне сол Гродековтің бұзық оймен болса да осындай жолда жүруі, Губернатор кеңесіне келген соң Әбубәкірдің қазақ-қырғыз елімен араласа бастауы һәм өзінің тұрмысы қазақ-қырғызға жақын башқұрт баласы болуы себеп болған.

Осы себептерден Әбубәкір 1883 жылдан байлай қазақ-қырғыз елінің жай-күйін тексеруге кірісіп кеткен, бірақ Гродековше қазақ-қырғыздың азат басын ноқтаға кіргізе беру үшін емес, қазақ-қырғыз елін жауына жақсы жақтан таныстыру үшін, қазақ-қырғыз еліне тұмсығымен су тасыған қарлығаш болу үшін. Қарлығаштың қымбаттығы тасыған сұнының молдығында емес, журегінің адалдығында. Әбубәкір ақсақалдың да қазақ-қырғызға қымбаттығы еткен еңбегінің ұшан-теңіздігінде емес, адал ойлы қамқор болуында.

Алайда Әбубәкір ақсақалдың еңбегі бір адамның өміріне татырлық. Әбубәкір ақсақал қырық жыл бойына қазақ-қырғыз елінің ауыз әдебиетін, жол-жорасын жинаған. Елдің елдігін сақтайтын – әдебиеті, тарихы, жол-жорасы. Қазақ-қырғыз елінің ел болуын тілеген Әбубәкірдің әдебиет, жол-жора жинау жолына кіруінің мәнісі осы. Ол күндерде қазақ-қырғыз тілінде газет, журнал жок болғандықтан, Әбубәкір жинаған әдебиет орыс тіліне аударылып, орыстың газет-журналдарында бастырып отырған. Ол күндерде қазақ-қырғыз елін аузын арандай ашып жұтып жатқан орыс елі қазақ-қырғыз елінің жақсы жағымен, терең жанымен, сұлу сөзімен Әбубәкір бастырған әдебиет арқылы танысқан. Түрік халқын тексеріп, таза ғылым жолында жүрген орыстың Радлов, Катанов, Бартольдт, Самойлович сықылды ғалымдары Әбубәкірдің қазақ-қырғыз туралы жазған мақалаларына кең орын беріп, қабыл алғып, сол Әбубәкір мақалалары арқылы қазақ-қырғыз елінің жайын арғы Европа ғалымдарына да білдірген. Сөйтіп, қырық жыл бұрын Сырдария губернаторының кенессіне тілмаш болып кірген Әбубәкір қырық жыл бойына жапанды қазақ-қырғыз елі мен орыс һәм Европа арасына адал тілмаш болған.

## *Шыгармалары*

Қазақ-қырғыз елі Әбубәкір ақсақалдың бұл ұзақ уақыттық адад еңбегін бағаламай қойған жоқ һәм қоймақ емес. Бағалаудың қымбаты – алдана айдап мал салу емес, шын көңілден разылық білдіріп, елдің оны «Сен – менің ұлым» дейі.

Осы 1923 жылы 22 марта Ташкентте Қазақ-қырғыз білім комиссиясының бастауымен қазақ-қырғыз елі Әбубәкір ақсақалдың қырық жылдық енбегіне ұлы той (юбилей) жасап, өзінің шын ризалығын білдіріп, Әбубәкір ақсақалға: «Ұлым...», – деді. Ердің еңбегін ел ақтады һәм ақтамақ. Ақтағаны – шын көңілмен мақтағаны, елге ер қымбат, елге ердің адап жүргегі қымбат.

Әбубәкір ақсақал осы күні 68 жаста отыр. Әлі де болса қайратын жоймаған, қолынан қаламын тастамаған қария. Әлі де болса қазақ-қырғыз елінің әдебиетін жинау, байыту, өзі қазақ-қырғыз елінің мәдениетті болуын тілеу.

Өмірдің сары белінен ел үшін еңбек қылыш асып бара жатқан ақсақалдың қасиетті тілегі қабыл болғай еді.